

Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.03.16. N 573 жарлығымен. ~U010573

Мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарын қалыптастыру мен камтуға арналған бюджет қаражатын қысқарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бірыңғай коммуникациялық ортаны құру және біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басым саласы болып саналсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасында Біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізетін болсын;

2) қолданылып жүрген заңдарға толықтырулар мен өзгерістерді қоса заң актілерінің жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізетін болсын, онда мыналар көзделсін:

ақпараттық рынок пен бәсекелестік ортаны құру, мемлекеттік монополияға қарсы саясат жүргізу жолымен меншіктің барлық нысандарының теңдігі жағдайында ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және қолда барын пайдалану ;

түзілген ақпаратқа санаткерлік меншікті қорғау;
мемлекеттің, қоғамның, азаматтың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
азаматтардың ақпарат алу жөніндегі конституциялық құқығын іске асыру;
ақпараттандыру жағдайында азаматтардың құқықтарын қорғау;
ақпарат және ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік ;

3) бір ай мерзімді Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік ұйымдармен, жергілікті атқарушы органдармен және өзге де мемлекеттік ұйымдармен бірлесіп, қолда бар ақпараттық ресурстар мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық құралдарға мониторинг, сондай-ақ әлемдік ақпараттық жүйелерге талдау жүргізсін;

4) жүргізілген мониторинг пен әлемдік ақпараттық жүйелерді талдаудың

нәтижелері

бойынша:

мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен мәліметтер базасын оңтайландыру;
заңды және жеке тұлғалар үшін мемлекеттік ақпараттық ресурстардың жеке санатын пайдалану тәртібін айқындау жөнінде қажетті шаралар қолдансын;

5) он күн мерзімде "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық типті акционерлік қоғамын құруға мемлекеттің қатысуын қамтамасыз етсін, оның қызметінің негізгі мәні, коммуникациялық орта мен мемлекеттік ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимыл жүйесін жасау, ортақ пайдаланылатын ақпараттық базаны қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық ақпараттық жүйелермен ынтымақтастық жасау болып ұсынылсын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті